

Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің Ақкемер ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 56 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 желтоқсанда № 6542 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № 64 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің 13.11.2020 № 64 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекция басшысының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 2-12-4/211 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округінің Ақкемер ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Д. Кужаньязов